

**"Ломбард"GoldFinMarket" ЖШС
Жалғыз Қатысушының
2023 жылғы «07» ақпан №2 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

*№1 өзгерістер мен толықтырулармен (от 06.05.2024 ж. №31 Шешім)
№2 өзгерістер мен толықтырулармен (от 17.10.2024 ж. №51 Шешім)*

**«Ломбард «GoldFinMarket» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің
МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАСЫ**

Шымкент, 2024

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	2
2. Негізгі ұғымдар	2
3. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарастыру тәртібі	3
4. Микрокредит беру туралы шартын жасасу тәртібі.....	5
5. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері.....	5
6. Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары	6
7. Сыйақыны төлеу тәртібі.....	6
8. Қабылданатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.....	6
9. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі	7
10. Микрокредитті өтеу әдістері.....	9
11. Өтініш берушінің құқықтары мен міндеттері	9
12. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері	9
13. Ломбардтың құқықтары мен міндеттері.....	10
14. Микрокредит беру кұпиясы	12
15. Қорытынды ережелер	14

1. Жалпы ережелер

1. Осы «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – МҚ туралы Заң), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағида жеке тұлғаларға микрокредиттер беру тәртібін, талаптарын және негізгі шарттарын айқындайды.

3. Осы Қағида ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпияның нысанасы бола алмайды. «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Өтініш берушінің оның бірінші өтініші бойынша осы Қағиданы, танысуы үшін беруге міндетті. Бекітілген Қағиданың көшірмесі «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Өтініш берушілері шолуы және танысуы үшін қолжетімді жерде орналастырылады.

2. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидада келесідей ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) Ломбард – «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (әрі қарай - ЖТСМ) - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептелетін, Ломбардтың көрсеткен қызметтері үшін дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

3) Қарыз алушы – кепілге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті ұсынатын, әрі Кепіл беруші болып табылатын, әрі Ломбардта микрокредит алатын, іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға, 21 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы;

4) Кепіл билеті – микрокредитті рәсімдеу кезде Ломбард беретін, кепіл нысанасы және микрокредит беру шарттары туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

5) Өтініш беруші - Ломбардқа микрокредит алуға өтініш берген жеке тұлға;

6) Кредиттік бюро — кредиттік тарихты қалыптастыруды, кредиттік есептер беруді және өзге де қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйым;

7) Кредиттік дерекнама – Ломбард Қарыз алушының өтінішін қабылдаған сәттен бастап Қарыз алушы Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындағанға дейін қалыптастырылатын және сақталатын кредиттік құжаттаманың жиынтығы;

8) Микрокредит – Ломбардтың Қарыз алушыға мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық, қамтамасыз ету шарттарымен бір жылдан аспайтын мерзімге берілетін ақша сомасы;

9) Кепіл нысанасы – микрокредитті өтеуге кепілдік беретін, қамтамасыз ету болып табылатын жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік;

10) Ломбард қызметкері - микрокредит бойынша кеңес беруді, рәсімдеуді, беруді және одан әрі қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы Қағидаға, лауазымдық нұсқаулықтарға және Ломбардтың өзге де ішкі нормативтік/әкімшілік құжаттарына сәйкес функцияларды жүзеге асыратын Ломбард қызметкері;

12) АЖ – уәкілетті органның ақпараттық жүйесі.

3. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарастыру тәртібі

5. Ломбард қызметкері алдын ала кеңес беру кезінде Өтініш берушіге хабарлайды:

- микрокредит беру шарттары туралы;
- микрокредит беру тәртібі туралы;
- Кепіл билеттің шарттары туралы;
- микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы, оның ішінде микрокредит сомасын, сыйақыларды және өсімпұлдарды, төлеу тәртібі мен шарттары;

- Өтініш берушінің микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Кепіл билеті бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы;

- тараптардың Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы;

- микрокредит беру құпиясына кепілдік беру туралы;

- Микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге және кепіл затына қатысты талаптар туралы;

- сондай-ақ микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы Өтініш берушіні қызықтыратын ақпаратты қоса алғанда, басқа ақпараттар туралы;

6. Кеңес беру кезінде Ломбард қызметкері Өтініш берушіге танысуы үшін ұсынуы керек:

1) микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістеріне және сыйақыны есептеудің мерзімдері негізінде және Өтініш берушінің микрокредитті өтеудің қолайлы әдісін таңдауы үшін таңдалған кезеңділікке сәйкес әртүрлі әдістермен есептелген микрокредит бойынша берешекті өтеу кестелерінің жобаларын;

2) микрокредит беру туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар тізбесін;

3) микрокредит беру тәртібі туралы ақпаратты;

4) қабылданатын кепілге қойылатын талаптарды түсіндіреді.

7. МҚ туралы Заңына сәйкес Өтініш беруші/Қарыз алушы және оның жұбайы (зайыбы) (микрокредит сомасына байланысты) келесі құжаттарды ұсынуы керек:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы, сондай-ақ Ломбардқа электрондық құжатты алуға келісім:

- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі – азаматтың жеке басын куәландыратын және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат;

- Қазақстан Республикасы азаматының паспорты – азаматтың жеке басын куәландыратын және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат;

2) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттың түпнұсқасы (бар болса).

8. Ломбард қызметкерімен кепілге берілетін мүлікке визуалды тексеру және нарықтық құнына бағалау жүргізіледі.

9. Кепіл затын бағалауды тараптардың келісімі бойынша оның өтімділігін ескере отырып, Ломбард қызметкері жүргізеді, ал Өтініш беруші бағалаумен келіскен жағдайда микрокредит сомасы талқыланады.

10. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтарды бағалау, 1 грамм үшін Ломбард бекіткен тариф бойынша, бағалы металдардан жасалған бұйымдардың санатына байланысты жүзеге асырылады. Тарифтер Ломбардтың басқару органының актісімен белгіленеді және бекітіледі. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар химиялық реагенттермен, денсиметрмен және электрохимиялық металл детектормен сыналады. Қарыз алушы сынаудан және тексеруден бас тартса, бағалы металдардан жасалған бұл зергерлік бұйым кепіл ретінде қабылданбайды.

11. Өтініш беруші мен Ломбард қызметкері арасында кепіл затының бағалау сомасына, микрокредит сомасына және қайтару күні туралы келісімге келеген кейін, Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, Өтініш беруші микрокредит алуға өтінішті және Кредиттік бюроға келісімді толтырады.

12. Микрокредит сомасы республикалық Бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген 1 000 (мың еселенген) айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, АЖ-де Өтініш берушінің тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) туралы мәліметтер болған жағдайда, Ломбард қызметкері Өтініш берушіге және (немесе) оның жұбайына (зайыбына) МҚ туралы Заңының баптарына

міндетті түрде сілтеме жасай отырып, Өтініш берушіге микрокредит беруге Өтініш берушінің жұбайының (зайыбының) келісімін беру талабы туралы хабарлайды.

Ломбард қызметкері АЖ арқылы Өтініш берушінің тіркелген некиесінің (ерлі-зайыптылығының) болуы туралы мәліметтерді тексереді немесе кредиттік бюролардан АЖ-де қамтылған ақпаратты алады.

13. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, Ломбард қызметкері қабылданған құжаттардың қолданылу мерзімін, толықтығы мен толтырылуының дұрыстығын тексереді және микрокредит беру туралы шешімді өз бетінше қабылдайды, өзге жағдайларда Ломбардтың ішкі құжаттарына сәйкес келісім алады.

4. Микрокредит беру туралы шартын жасасу тәртібі

14. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 728-бабының 8) бөлігіне сәйкес Ломбардтың Кепіл билетін беру микрокредит беру туралы шарт жасасуға теңестіріледі.

15. Ломбард қызметкері Кепіл билетін және төлем кестесін екі данада жасап, өзі және Қарыз алушы қол қояды.

16. Қол қойылған Кепіл билеттің негізінде Ломбард қызметкері қаражатты Қарыз алушыға береді.

17. Ломбард қызметкері Кепіл билетінің бір данасын Қарыз алушыға береді, ал екінші данасын Ломбард кредиттік дерекнамға тігеді.

18. Берілген әрбір микрокредит Ломбард қызметкерімен электронды түрде немесе қағаз жүзінде жүргізілетін Қарыз алушылардың тізілімінде тіркеледі.

19. Ломбард, Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес кредиттік дерекнаманы жүргізіп, оны өзекті күйде ұстап, сондай-ақ ондағы құжаттардың толықтығын қамтамасыз етеді.

20. Қарыз алушымен қарым-қатынас аяқталғаннан кейін кредиттік дерекнама сақтауға беріледі. Ломбардта сақтау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері

21. Ломбард Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 8 000 (сегіз мың еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.

22. Микрокредит беру мерзімі, Өтініш берушінің келісімі бойынша жеке белгіленеді, алайда оның ең көп мерзімі - 12 айдан аспауы керек.

6. Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

23. Микрокредит беру (Кепіл билеті) туралы шарт жасасқан күні микрокредит бойынша ЖТСМ-нің ең жоғары мөлшері **46 (қырық алты) пайыздан аспауы тиіс.**

24. Күнгізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге берілетін, бюджет туралы Заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 (қырық бес еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде беретін микрокредиттер бойынша ЖТСМ **179 (бір жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспауы тиіс.**

7. Сыйақыны төлеу тәртібі

25. Сыйақыны төлеу тәртібі микрокредит шартымен (Кепіл билетімен) айқындалады, оған сәйкес Қарыз алушы белгіленген мөлшерде және мерзімділікте төлейді.

25.1. Сыйақыны Қарыз алушы микрокредит нысанасын пайдаланудың барлық кезеңі үшін төлейді.

26. Микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол микрокредит беру туралы шарты (Кепіл билеті) бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін өтеуге мынадай кезектілікпен жіберіледі:

- 1) ломбардтың орындау бойынша шығындары;
- 2) мерзімі өткен берешегі бар болса, микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билете) айқындалатын мөлшерде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы;
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) төлемдердің ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 5) негізгі борыш бойынша берешек;
- 6) ағымдағы төлем кезеңіндегі негізгі борыш сомасы.

8. Қабылданатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

27. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарты (Кепіл билеті) бойынша міндеттемелерін орындауы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билете) көзделген тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

28. Ломбардқа Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, "Оңалту және банкроттық туралы"

2014 жылғы 7 наурыздағы және "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кепілге:

- 1) жылжымайтын мүлікті;
- 2) айналымнан алынған және айналымда шектелген заттарды;
- 3) тыйым салынған мүлікті;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлікті;
- 5) болашақта кепіл берушінің жеке меншігіне айналатын мүлікті;
- 6) тез бұзылатын шикізатты, тамақ өнімдерін;
- 7) теріден тігілген және басқа да бағалы киім-кешектерді, асхана сервиздерін, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдаланылып жүрген киім-кешекті, аяқ киімді, іш киімді, төсек-орын жабдығын, ас үй және асхана керек-жарақтарын;
- 8) балалар жабдықтарын;
- 9) мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдарын, мүгедектердің жүріп-тұруына арналған техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдар мен арнайы құралдарды;
- 10) халықаралық және мемлекеттік жүлделерді, мемлекеттік ордендерді, медальдарды және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына төс белгілерін;
- 11) құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды тұтастай және жиынтығын зергерлік бұйымдарды қалдықтары ретінде кепілге алуға рұқсат берілмейді.

9. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі

29. ЖТСМ - есептелетін микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады, Қарыз алушының негізгі борышы мен сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы шарттың (Кепіл билеттің) талаптарын сақтамауына байланысты туындаған өсімпұл мен айыппұлдан басқа барлық төлемдерін қамтиды.

30. Есептеу жүргізіледі:

- 1) микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билет), микрокредит беру туралы шартқа (Кепіл билетке) қосымша келісімдер жасалған күні;
- 2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;
- 3) Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкетін микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

31. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ келесі формуламен есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n – қарыз алушыға соңғы төлемнің рет нөмірі;

j – қарыз алушыға төлемнің рет нөмірі;

S_j – қарыз алушыға j -ші төлемнің сомасы;

APR – жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j – микрокредитті берген күннен бастап қарыз берушіге j -ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m – қарыз алушының соңғы төлемінің рет нөмірі;

i – қарыз алушының төлемінің рет нөмірі;

P_i – қарыз алушының i -ші төлемінің сомасы;

t_i – микрокредитті берген күннен бастап қарыз алушының i -ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен).

32. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомаларын (көлемін) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соқтыратын микрокредитті беру туралы шартқа (Кепіл билетке) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу қарыз алушының микрокредитті беру туралы шарттың (Кепіл билеттің) қолданылу мерзімі басталғаннан бері жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмағанда, шарттар өзгертілген күнге қарай берешектің қалдығына, микрокредитті өтеудің қалған мерзіміне сүйене отырып, жүргізіледі.

33. Микрокредит бойынша сыйақыны есептеу кезінде Ломбард келесі уақыт базаларын пайдаланады: жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы күндердің нақты саны.

34. Сыйақыны есептеу пайыздарды есептеудің қарапайым әдісімен жүргізіледі, яғни пайыздарды есептеу микрокредит бойынша берешектің қалдығына ғана жүргізіледі.

35. Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу кезінде сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланған күндердің нақты санына есептеледі.

36. Сыйақыны есептеу мақсатында микрокредит берілген күн және микрокредитті өтеу жөніндегі міндеттеменің толық орындалған бір күн болып есептеледі.

10. Микрокредитті өтеу әдістері

37. Ломбард микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) жасасқанға дейін Өтініш берушіге микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға тиіс.

38.

При этом Ломбард может применять следующие методы погашения:

- сараланған төлемдер әдісі – мұнда микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз бойынша төлемдердің тең сомаларын және кезеңде негізгі қарыздың қалдығына есептелген сыйақыны қамтитын азайтылған төлемдермен іске асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі - мұнда микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз бойынша ұлғайтылған төлемдерді және кезеңдегі негізгі қарыздың қалдығына есептелген сыйақы бойынша азайтылған төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі бойына тең төлемдермен іске асырылады;

- Ломбард Қағидаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсына алады.

39. Қарыз алушы негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізуге құқылы.

40. Қарыз алушы тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, шарт бойынша берілген микрокредит сомасын ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы.

11. Өтініш берушінің құқықтары мен міндеттері

41. Өтініш беруші құқылы:

1) Қағидамен, микрокредиттер беру жөніндегі Ломбард тарифтерімен танысуға;

2) микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және сенімді ақпарат алуға;

3) микрокредит беру туралы шартын (Кепіл билетін) жасасудан бас тартуға;

42. Өтініш беруші Ломбардқа микрокредит беру туралы шартты (Кепіл билетті) жасасу үшін қажетті осы Қағидада көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

43. Өтініш беруші МҚ туралы Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

12. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

44. Қарыз алушы құқылы:

1) Қағидамен, микрокредиттер беру жөніндегі Ломбард тарифтерімен танысуға;

2) микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетте) белгіленген тәртіппен алынған микрокредитке иелік етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;

4) микрокредит беру туралы шарты (Кепіл билеті) бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

5) микрокредит беру туралы өзі жасасқан шарт (Кепіл билеті) бойынша құқық (талап ету) басқаға берілген жағдайда, МҚ туралы Заңның 9-1-бабы 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгінуге;

6) МҚ туралы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетте) белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

45. Қарыз алушы міндетті:

1) микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетте) белгіленген мерзімдерде және тәртіппен алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны төлеуге;

2) МҚ туралы Заңға және осы Қағидаға сәйкес, оның ішінде осы Қағиданың 7-тармағында көзделген, Ломбард сұратқан құжаттар мен мәліметтерді беруге;

3) МҚ туралы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Ломбардпен жасалған микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетте) белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

13. Ломбардтың құқықтары мен міндеттері

46. Ломбард құқылы:

1) Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) микрокредит беру туралы шартты (Кепіл билетті) жасасу үшін және ол бойынша міндеттемелерді орындау және/немесе осы Қағидада айқындалған микрокредит беру туралы шартқа (Кепіл билетке) өзгерістер енгізу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

2) МҚ туралы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетте) белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

47. Ломбард міндетті:

1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ Өтініш берушілерге/Қарыз алушыларға Ломбардтың орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдерінде екі баспа басылымында, сондай-ақ Өтініш берушінің/Қарыз алушы – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша тиісті ақпаратты жариялау жолымен не осындай өзгерістер болған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір Өтініш берушіге/Қарыз алушыға жазбаша хабардар ету жолымен жазбаша хабарлауға;

2) Қағиданың көшірмесін Қарыз алушы (Өтініш беруші) көруі және танысу үшін қолжетімді жерде орналастыруға;

3) Өтініш берушіге микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге;

4) микрокредит беру туралы шартты (Кепіл билетті) жасасқанға дейін өтініш берушіге микрокредитті өтеу әдісімен танысу және оны таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын беруге. Қарыз алушыға Ломбард жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеуге арналған уақытша базаларға сәйкес микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетте) белгіленген кезектілікпен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары мынадай өтеу әдістерімен міндетті түрде ұсынылуға тиіс:

сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

Ломбард микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсыныуы мүмкін.

5) Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;

б) микрокредит беру құпиясын сақтауға;

48. Ломбард құқылы емес:

1) бір жақты тәртіппен сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін өзгертуге;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеуге және алуға;

3) жеке тұлға болып табылатын, микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;

4) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені

орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жатқызылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге;

14. Микрокредит беру құпиясы

49. Микрокредит беру құпиясы Қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшерлері туралы, микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары туралы және микроқаржы ұйымының операциялары туралы (микрокредиттер беру қағидаларын қоспағанда) мәліметтерді қамтиды.

50. Ломбард микрокредит беру құпиясына кепілдік береді.

51. Микрокредит беру құпиясы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша Қарыз алушыға, Ломбардта жеке өзінің қатысуымен берілген жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға, кредиттік бюроға ғана, сондай-ақ осы Қағиданың 52,53 және 54 тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.

52. Қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшерлері туралы, микрокредит беру туралы шарттың (Кепіл билеттің) Қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары туралы, Ломбард жүргізген операциялар туралы мәліметтер беріледі:

1) қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға: олар жүргізіп жатқан қылмыстық істер бойынша мөрмен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сұрау салу негізінде;

2) прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Мемлекеттік күзет қызметіне: барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкерелеу және жолын кесу үшін қажетті ақпаратты беру туралы олардың талап етуі бойынша;

2.1) активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға бірінші басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген тізілімнің үзінді-көшірмесі қоса берілген жазбаша сұрау салу бойынша;

3) соттарға: олар жүргізіп жатқан істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;

4) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: олар жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысы негізінде;

5) прокурорға: оның құзыреті шегінде өзінің қарауында жатқан материал бойынша тексеру ісін жүргізу туралы қаулы негізінде;

6) салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана мемлекеттік кіріс органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;

7) қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы бойынша нотариат куәландырған сенімхат негізінде;

8) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: өзі жөнінде соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бес жыл ішіндегі кезең үшін прокурордың санкциясымен;

9) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға: «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты сұрау салу негізінде осындай сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезең үшін;

10) қаржы басқарушысына: төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған азаматқа қатысты сұрау салу негізінде прокурордың санкциясымен беріледі. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы қоса беріледі.

53. Қарыз алушы, микрокредит мөлшері туралы, микрокредит беру туралы шарттың (Кепіл билеттің) Қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары жөніндегі мәліметтер қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, осы Қағиданың 52-тармағында көзделген тұлғалардан басқа, жазбаша сұрау салу негізінде, сондай-ақ:

1) Қарыз алушы өсиетте көрсеткен тұлғаларға;

2) нотариустарға: өздерінің іс жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша нотариустың сұрау салуы негізінде.

Нотариустың жазбаша сұрау салуына қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуі тиіс;

3) шетелдік консулдық мекемелерге: олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

54. Микрокредит беру құпиясы банк омбудсманына өзінің қарауында жатқан, Қарыз алушы - жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша құқықтар (талаптар) МҚ туралы Заңның 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаға берілген осы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі өтініштері бойынша ашылуы мүмкін.

55. Микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды:

1) кредиттік бюроларға Ломбардтың теріс ақпарат беруі және күнтізбелік жүз сексен күннен асатын мерзімі өткен берешегі жөнінде кредиттік тарих субъектісі туралы кредиттік бюролардың теріс ақпарат беруі;

2) микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билет) бойынша құқықтар (талаптар) басқаға берілген (қайта берілген) кезде МҚ туралы Заңның 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың микрокредит беру туралы шарт (берілген микрокредит) бойынша ақпаратты МҚ туралы Заңның 9-1-

бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға беруі;

3) МҚ туралы Заңның 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың коллекторлық агенттікпен жасалған, нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөніндегі қызметтерді көрсету болып табылатын шарт шеңберінде осы коллекторлық агенттікке немесе осы Заңның 9-1-бабына сәйкес сенімгерлік басқару шарты шеңберінде сервистік компанияға микрокредит жөнінде ақпарат беруі;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау агенттігі арасында ақпарат, оның ішінде микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасу;

5) мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе Ломбарда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар жіберілген кезде растау құжаттары мен материалдары ретінде микрокредит беру құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;

6) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы, микроқаржы ұйымдары, өзге де қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары, ұялы байланыс операторлары, қылмыстық қудалау органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті орган арасында микрокредит беру құпиясын құрайтын, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша мәліметтер алмасу микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды.

15. Қорытынды ережелер

56. Осы Қағида кредиттік портфель құрылымындағы өзгерістерді, Ломбард қызметінің қаржылық нәтижелерін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайындағы және қаржы нарықтарының конъюнктурасындағы өзгерістерді ескере отырып өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

57. Функционалдық міндеттеріне микрокредиттермен жұмыс істеу кіретін Ломбард қызметкерлері осы Қағидамен, сондай-ақ микроқаржы ұйымдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен толық жете танысуға тиіс.

58. Осы Қағидамен көзделмеген өзге жайттар Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.